

“Үш бәйтерек” атты танымдық сайысқа презентация



Абай Оралхан Жамбылқызы
№1 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен
әдебиетінің жоғары санатты мұғалімі
Маңғыстау облысы
Түпқараған ауданы
С.Шапағатов ауылы

Үш бәйтерек



С.Сейфуллин



І.Жансүгіров



Б.Майлин

1921 жылдан 1954 жылдар аралығында бұрынғы КСРО-да 3 миллион 777 мың адам жазықсыз сотталып, оның 642 мыңы атылды.





Қазақ зиялылары, мәдениет қайраткерлері түрмелерге тоғытылып, жазықсыз атылды. Олардың қатарында Б.Майлин, С.Сейфуллин, І.Жансүгіровтер де жазықсыз құрбан болды.



Бейімбет Майлин поэзия, проза, драма саласында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгер. Ол «Садақ» қолжазба журналында (1913), «Айқап» журналында (1914), «Қазақ» газетінде (1915) жарияланған алғашқы өлеңдеріне ден қояды. Сахара жұртының мұң мұқтажын, арман аңсарын, әсіресе азаттық теңдік тақырыбын тілге тиек етеді..


Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қызы», «Қашқын келіншек», «Зайкүл», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Хан күйеуі» «Кемпірдің ертегісі», «Бөліс», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады.




Сейфуллин Сәкен - қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған.

1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған..

С.Сейфуллин проза, драматургия, әдеби сын, әдебиеттану салаларында көрнекті еңбек етті. «Жұбату» әңгімесі - Сәкеннің қазақ әйеліне арналған алғашқы прозалық шығармасы. «Жемістер, «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда» туындыларында замандастар өмірі бейнеленген. С.Сейфуллин қазақ халқының патшалық езгіге қарсы күресін «Тар жол, тайгак, кешу» атғы тарихи-мемуарлық романында көрсетеді. Публицистика саласының дамуына қосқан еңбегі баға жетпес. Қазақтың ескі әдебиет нұсқауларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен де шұғылданды.




Бейімбет талантының күштілігі сонда, «Шұғаны белгісі» оның биігі емес, тек алғашқы адымы ғана. Және бір ғажабы «Шұғаның белгісі» мен «Қара шелектегі» Айша, өзге шығармалардағы Күлпаш, Шарипа, Раушан образдарының арасында тұтас бір дәуір жатыр. Әуезов тілімен айтқанда Шұға Шиллер геройларына тән бір-бір ғана импульстың (ынтызарлықтың) құлы болса, соңғы атаған жұпыны әйелдер образдарында Чехов реализмінің кеңдігі, тереңдігі жатыр. Алғашқы қадамында Шұғасымен романтизмге, қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі тақырыпқа сәлем берген Бейімбет, содан кейін оған қайтып оралмай реализмнің кең арнасына түседі. Сөйтіп Бейімбет әдебиет ұзақ жылдар өтіп жетілетін жолға жедел түсті, ерте ер жетті.



Әйгілі ақын, драматург, сөз зергері Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. . Алғашқы жинағы 1928 жылы 34 жасында жарық көрген Ілияс 5-6 жылдың ішінде қатарынан арындап алға озып, Абайдан кейінгі дәуірдің аса көрнекті ақынына айналды.

Прозалық, драматургиялық талантты кесек туындыларын айтпағанда, "Күй", "Күйші", "Құлагер" сияқты классикалық шығармалар тудырды. Ілияс поэзиясы — ойға - қанат, сезімге нәр беретін, ешқашан ескірмейтін, мәңгі жас поэзия.












**Өлімге жан екенсің қия алмайтын, Өлеңнің
құшағына сия алмайтын, Қазақты көргін келсе
міне осы деп Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын,-
деп С.Мәуленов жырлағандай, ақ иық ақын,
атақты қоғам және мемлекет қайраткері,
әдебиет зерттеуші Сәкен Сейфуллиннің жарқын
да қайғылы өмір жолы оқырман қауымды
бейтарап қалдырып көрген емес.**

I. Жансүгіров шығармалары



Б.Майлин шығармалары






С.Сейфуллин шығармалары

Қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Олардың қаламынан Қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс - әрекеттері, өмірге деген құштарлықтары, болашаққа үміт – сенімдері кеңінен көрінеді.

«Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық қырларымен, көркемдік әлемімен байытты.





Қазақ бәйтерек ағашын киелі санап, қасиет тұтады, тамырын тереңге жайған бәйтерек сан тарапқа жол ашып, көкпен жарыса өседі, ұзақ жылдар бойы өсіп - өнетін ағаш екен. Біздің қазақ халқы өз ұлын батырларын ескеріп, еңбегін бағалап, «бес арыс», «үш бәйтерек» деп өз сүрген қоғамына қарай, еңбегіне қарай топтап, бағалап келеді. Жас ұрпақ ағалар салған асыл жолды, олар қалдырған мол мұраны сақтап, қастерлеп ұрпақтан – ұрпаққа жеткізейік.